

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023**

## «АУТИЗМ» ДИАГНОЗЫ БАР БАЛАЛАРҒА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОҢАЛТУ ШАРАЛАРЫ

Аргынбаева Динара Батыржанқызы

[dargynbayeva@inbox.ru](mailto:dargynbayeva@inbox.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік жұмыс мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Байғабылов Н.О.

«Аутизм» грек тілінен аударғанда «өз ішкі дүниесіне кіріп кеткен адам» деген мағынаны білдіреді, яғни аурудың өзі-өзі сіңіруі болып табылады. Аутизм диагнозын зерттеу үлкен қызығушылықты тудырды, осы орайда екі халықаралық журналдың жарық көруіне себепші болды. Ол «Аутизм және дамудың бұзылуы» және 1971 жылы жарық көрген «Аутизм және балалық шизофрения журналы» болып табылады. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес аутизм диагнозы әйелдерге қарағанда ер адамдарда екі есе жиі кездеседі. Аутизм диагнозын зерттеу барысында америкалық ғалым Блейлер өзінің әйгілі «Dementia Praecox of the Group Schizophrenias» еңбегінде 1911 жылы аутизмге келесідей анықтама берген: «Кейбір психикалық аурулардың маңызды белгілерінің бірі - сыртқы әлемнен белсенді түрде алшақтаумен бірге жүретін ішкі өмірдің басым болуы, қоғамдағы құбылыстарды қабылдамау, мен бұны аутизм деп атадым», деп тұжырымдамасын келтірген болатын. Осыдан кейін АҚШ психиатрлары арасында аутизмге айтарлықтай қызығушылық арта түсті. 1959 жылы американдық психолог Б.Беттелхайм «Джо – механикалық бала» деген мақала жазған болатын, өз мақаласында ол дарынды аутист бала жайлы баяндайды. Бұл зерттеуде аурудың дамуының негізгі себебі – ата-ананың балаға деген салқын қарым-қатынасы деп көрсетті. Сонымен қатар 1961 жылы С.Б.Фозерстер «Оң ынталандыру және аутист балалардың мінез-құлқының адекватты еместігі» деген еңбегін жариялады, өз еңбегінде аутист балалардың мінез-құлығын өзгерту барысында негізгі бағдарламаларды ұсынды, көптеген зерттеулерге түрткі болды [1].

Аутизмдегі қарым-қатынас бұзылыстарының ауырлық дәрежесі айтарлықтай өзгереді - тіпті ым-ишара қолданбайтын мүлдем сөйлемейтін аутист адамдардан бастап, Аспергер синдромы бар балаларға дейін - еркін сөйлейтін, бірақ сөйлеудің прагматикалық жағының ерекшеліктері бар балаларға зерттеу жүргізілді. Сонымен қатар, мағыналық контекстпен байланыссыз тұтас мәлімдемелерді механикалық түрде қайталай алатын эхолалик балалар, сондай-ақ сөздері бөлек, бірақ еркін сөйлеуі жоқ балалар бар екенін атап көрсетті. Аутизмдегі коммуникацияның бұзылуының осы нұсқаларын зерттеуге көп зерттеулер арналды. Міне, кейбіреулер аутизмге тән сөйлеу проблемалары, олар жай ғана дамудың артта қалуының немесе қатар жүретін жеке сөйлеу бұзылыстарының нәтижесі болып табылады:

- ым-ишара арқылы сөйлеудің дамуын кідірту немесе тоқтату;
- басқа адамдардың сөйлеуіне реакцияның болмауы (мысалы, бала өз атына жауап бермейді);
- сөйлеуді стереотиптік қолдану;
- есімдіктерді ауыстыру (бала «мен» орнына «сен» дейді);
- қарапайым сөздерді әдеттен тыс мағынада қолдану;
- диалогты бастау және жалғастыра алмау;
- просодикалық бұзылыстар (тон, екпін, интонация);
- ұғымдарды қолдану мен мағынасын түсінудегі қиындықтар;
- вербалды емес қарым-қатынастың бұзылуы (ым-ишара, мимика) [2].

Қазіргі кезде дүние жүзі бойынша аталған дертпен арпалысатындар саны – 67 000 000 болса, қазақстандықтардың саны – 3000-нан асады. Қазақстанда бұл сырқат терең зерттелмегенімен, аутизммен күресіп жүрген жандардың саны қаншама. 2006 жылы аутизмге

шалдыққан балалардың саны – 255 болса, 2010 жылы – 326 бала тіркелген екен. 2014 жылы бұл аурумен ауыратын балалардың саны – 1 000-нан асса, 2018 жылғы статистикаға сүйенетін болсақ, аутизм синдромы бар балалар саны – 3000 болған.[4]

Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері анық зерттелмеген. Көп ғалымдардың деректері бойынша, аутизм дертіне шалдыққан балалардың себебі, орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Тұқымқуалаушылық фактордың әсері мол екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі. Тұқым қуалаушылық хромосомалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасы жүкті және туу кезінде алған жарақаттар, нейроинфекциялар, тағы басқа жағдайлар барлығы да жағымсыз әсер ету мүмкіндігі бар. Аутизмнің пайда болу себептерін түсіндіретін нақты дәлелденген ақпараттар өте аз. Бұрынырақ балаларға қызылшаға және шошқаборлыққа (свинка) қарсы егілетін екпе салдарынан пайда болады деген болжам болған.

Оңалту барысында қолданылатын технологиялар және әдістер.

1) «Ойын технологиясы» бойынша ойын элементтерін қолдану арқылы аутист-балалардың қарым-қатынасын, психикалық процестерін түзету жұмыстарын ұйымдастыру;

2) «Глобалды оқыту» әдістемесі бойынша аутизмі бар балалардың есте сақтауын дамыту;

3) «Сенсорлы интеграциялау» әдісі арқылы аутизмі бар балалардың қоршаған ортаға көзқарасын қалыптастыру;

4) «Ақпараттық технология» бойынша «Дэльфа–142,1» тренажерін қолдану арқылы аутизмі бар баланың сөйлеу тілін жан-жақты дамыту.

Халық санағы бойынша Қазақстан Республикасында 20 жасқа дейінгі 5 963 570 адам тұрады. Осы деректердің негізінде алдын ала бағалау жүргізілді, оның негізінде Қазақстан Республикасында АСҚ таралуы 1% құрайды [3]. Сәйкесінше кестеге көз жүгіртетін болсақ:[1-кесте].

Жасы бойынша	5 жасқа дейін	5 пен 9 жас аралығы	10 мен 14 жас аралығы	18 бен 19 жас аралығы	Барлық жас 20-ға дейін
Топ мөлшері	1 946 195	1 714 080	1 214 140	1 089 155	5 963 570
Аутизм диагнозы бар жастардың болжамды саны	19 462	17 141	12 141	10 892	59 636

Ескерту - дереккөз «Аутизмі бар балалардың өмір сапасына әлеуметтік және коммуникативті дағдылардың әсері» мақаласы негізінде алынған[5]

#### «Ozim Platform» әлеуметтік жобасы

Жалпы «Ozim Platform» әлеуметтік жобасының құрылу тарихына тоқталатын болсақ, қоғамдық қор 2022 жылдың 27 қаңтарында құрылған. Өз қызметінде қор ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған Ozim Platform мобильді қосымшасын жасаудан бастаған. Ол үшін ата-аналар арасында білімді арттыру және хабардарлықты тарату, дамыту мақсатында инклюзив саласындағы зерттеушілерді, білім беру және медициналық түзету мамандарын және ерте араласу бойынша барлық мамандарды біріктірген болып табылады. Қордың негізгі құрылтайшысы – Мария Ипполитова болып келеді.

Ozim Platform – бұл ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары мен қамқоршылары үшін ақпараттық және білім беру қолдауына бағытталған iOS және Android негізіндегі смартфондарға арналған мобильді қосымша болып табылады. Бұл жоба негізінен

Назарбаев Университетінің Әлеуметтік даму қорының көмегімен жүзеге асырылған болып келеді.

«Озим платформасы» жобасының тобы ата-аналардың ақпараттық қажеттіліктері бойынша зерттеу жүргізді, оның нәтижесінде ата-аналарға диагноздар туралы маңызды ақпараты бар арнайы мамандардың мақалалары, үйде баламен практикалық жұмыс істеуге арналған бейнематериалдар, бірыңғай дерекқордағы өте қажет екендігі анықталды.

Ozım Platform әлеуметтік жобасы ерте араласу туралы білімге қолжетімділікті кеңейту, сондай-ақ қазақстандық қоғамда инклюзивтілікті дамыту үшін ерекше маңызға ие. Жасаушылар қосымша материалдармен толықтырылатынын, ерте араласу бойынша мамандар мен ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін қорлардың өкілдері жұмысқа тартылғанын атап өтті.

Жобаның құрғандардың бірі Асем Тажиева өзі ерекше баланың анасы болып табылады. Жалпы құрастырылған қосымша жайлы баяндап өтетін болсақ, қосымша 9 бөлімге бөлінген. Әр бөлімнің негізгі атаулары мен берілетін ақпараттар бөлігі бар. Оның ішінде:

- 1) Ауытқулар;
- 2) Дағдылар;
- 3) Ресурстар;
- 4) Қызмет көрсетушілер;
- 5) Құқықтар;
- 6) Инклюзия;
- 7) Мақалалар;
- 8) Форум;
- 9) Ата-аналарға деген тармақтарды қамтиды.

Негізгі жобаның мақсаты – дамуында ерекшелігі бар балалардың ата-аналары мен қамқоршыларына ерте бастан араласатын мамандардан сенімді ақпарат алуға, үйретуге арналған видеолар көмегімен балаларды үй жағдайында өзбетімен оқытуға, форум арқылы бірдей пікірдегі адамдарды табуға, қол жетімді тілде халықаралық зерттеулермен танысуға мүмкіндік алуға, инклюзия әлемінен ақпараттар алуға, ата-аналардың өзекті мәселелерін тиісті атқарушы органдарға жеткізуге көмектесу болып табылады.

Негізгі атқаратын қызметтеріне:

- Мамандардың осы платформада тәжірбиесімен бөлісуге қол жеткізуіне;
- Басқа мамандардың тәжірбиесін игеруге;
- Бірдей пікірдегі адамдармен байланыс орнатуға;
- Ата-аналардың кері байланыс алуына;
- ҚР мен ТМД аумағында өздерінің танымдық материалдарын таратуға;
- Халықаралық әдебиеттерге қол жеткізуге;
- Инклюзия тақырыбы бойынша вебинарлар мен шеберлік сыныптарына қатысуға мүмкіндік береді.

Идея сатысында бола отырып, 2020 жылы жоба SDF гранттары бағдарламасының финалынан өтті және команда Назарбаев Университетінің Әлеуметтік даму қорының 9 грант алушысының бірі болды. «Озим платформасы» жобасының тобы ата-аналардың ақпараттық қажеттіліктері бойынша зерттеу жүргізді, оның нәтижесінде ата-аналарға диагноздар туралы маңызды ақпараты бар арнайы мамандардың мақалалары, үйде баламен практикалық жұмыс істеуге арналған бейнематериалдар, бірыңғай дерекқордағы өте қажет екендігі анықталды. Ozım Platform командасы Astana Hub Techpreneurs акселерация бағдарламасынан өтеді және IT стартаптар саласындағы үздік мамандардан қажетті қолдау алады [6].

Қорытындылай келе, аутизм диагнозын зерттеуде ғалымдар ең алдымен бала бойында болатын мінез-құлық іс әрекеттеріне сонымен қатар бұл диагноздың пайда болу кезеңіне үлкен көңіл бөлген болып табылады. Аутизм диагнозының шығу тарихын ең алғаш Лео Каннер зерттесе де, жылдар өткен сайын басқа да ғалымдар бұл саланың ашылмай қалған көп тұстарын көрсетті. Аутизм диагнозының шығу тарихын зерттеуде көптеген пікірталастармен келіспеушіліктер болғаны анық. Осы зерттеулер нәтижесінде аутизм

диагнозы кеңінен зерттеліп, қазіргі таңда оның арнайы әдіс тәсілдері ойластырылып жатыр, алайда бұл аурудың емі әлі табылмады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Франческа А. «Введение в психологическую теорию аутизма» Москва, «Теревинф» 2016, 18-28 стр. [https://www.osoboepravo.ru/files/book/file/vvedenie\\_v\\_psih\\_teoriyu\\_autizma.pdf](https://www.osoboepravo.ru/files/book/file/vvedenie_v_psih_teoriyu_autizma.pdf)
2. A. Tolstikova Disorders of the affective spectrum in dementia of late age (clinical-psychopathological and immunological approaches) <https://cyberleninka.ru/article/n/autizm-istoriya-razvitiya-situatsiya-v-kazahstane-obzor-literatury>
3. Швецова Е.А. Феномен аутизма. Симптоматика отсутствия другого в свете феноменологической философии <https://cyberleninka.ru/article/n/fenomen-autizma-simptomatika-otsutstviya-drugogo-v-svete-fenomenologicheskoy-filosofii>
4. Габдуллина К. «Проблемы детского и подросткового аутизма в г. Аксай и г. Уральск Западно-Казахстанской Области» <https://www.soros.kz/wp>
5. . [https://www.elibrary.ru/download/elibrary\\_47290281\\_85915200.pdf](https://www.elibrary.ru/download/elibrary_47290281_85915200.pdf)
6. <https://ozimplatform.com/media?utm=ru>

УДК 364.122.8

## СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА В СИТУАЦИЯХ ХАРАССМЕНТА

**Аралбай Аружан Аскарқызы**

askarkyzyar@mail.ru

Магистр социальной работы 1 курса ЕНУ имени Л. Н. Гумилева 7М11405 социальная работа  
Астана, Казахстан

Научный руководитель – Урузбаева Г.Т.

Для казахстанского общества «харассмент» является словом абсолютно новым, и для подавляющего большинства совсем непонятным, чем-то «американским» или «западным». Для Соединенных Штатов данное понятие отнюдь не «новичок»: женщины-феминистки США активно ведут борьбу против харассмента с 70-х годов прошлого столетия. Суть и истина состоят в том, что отсутствие и непонимание термина в стране, не означает отсутствие харассмента как социального явления, которое имеет негативный характер [1, стр. 2].

Следует подчеркнуть, что в последние десятилетия проблема харассмента становится болезненным вопросом, который остро затрагивает не только отдельные лица, но и большие группы и целые организации. Несмотря на свою актуальность, нет полного и достаточно четкого определения данного термина. К тому же, необходимо учитывать, что в зависимости от страны и её менталитета, такой всеобъемлющий термин как «харассмент» приобретает разную окраску. Бюллетень Генерального секретаря ООН от 10.09.2019 года раскрывает его как любое нежелательное поведение, которое обоснованно ожидается или воспринимается как причинение оскорбления или унижения другому лицу, когда такое поведение мешает работе или создает устрашающую, враждебную или оскорбительную рабочую среду [2]. Главный исторический словарь – Оксфордский словарь, объясняет данный термин как «агрессивное давление или запугивание» [3]. Сейчас харассмент «расширил» поле своего понимания, особенно в англоязычной среде. Теперь его понимают, как действия направленные на причинение неудобства или вреда, которые нарушают неприкосновенность частной жизни того или иного человека. В России, например, харассмент понимают в узком смысле как сексуальные домогательства (больше физические контакты, нежелательные прикосновения, склонение к близости). То есть, в русском языке вышеперечисленные действия, указанные в англоязычных словарях, обобщаются и поясняются таким аналогом,